

ТОБАИЗМ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: XX ҒАСЫРДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСЕЙЛІК КӨРКЕМДІК АҒЫМДАРМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Қожағұлов Токқожа¹, Еспенова Айгерім²

^{1,2}Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада суретші Токқожа Қожағұлов қалыптастырған «Тобаизм» тұжырымдамасы XX ғасырдағы Еуропа және Ресей көркемдік ағымдарымен (символизм, авангард, кубизм, сюрреализм) және ежелгі дүниетанымдық үлгілермен (тотемизм, даосизм) салыстырмалы түрде талданады. Зерттеудің мақсаты – Тобаизмді жай ғана стильдік тәсіл емес, рухани-мифологиялық және этикалық өзегі бар дербес көркем-философиялық жүйе ретінде негіздеу. Әдіснамалық негізді салыстырмалы-типологиялық, иконологиялық және мифопоэтикалық тәсілдер, сондай-ақ К.Г. Юнг пен М. Элиаденің теориялары құрайды. Талдау нәтижесінде Тобаизмнің басқа ағымдардан түбегейлі айырмашылықтары анықталды. Авангард өнердің сыртқы формасы мен тілін жаңартса, Тобаизм оның антропологиялық мәнін – адамның тектік жадпен байланысын қалпына келтіруді мақсат етеді. Сюрреализмдегі бейсаналық дағдылы әрекетке қарама-қарсы, мұндағы аян ұғымы саналы сергектікті талап етеді. Тұжырымдаманың бұл қағидаттары «МЕН», «Жырдың қызыл жолбарысы. Жамбыл», «Ер-Қарасай» туындыларында нақты көрініс тапқан. Зерттеу өнертану ғылымына ұлттық-мәдени дүниетанымға негізделген авторлық жүйелерді талдаудың жаңа әдіснамалық тәсілдерін енгізеді. Халықаралық деңгейде бұл жұмыс көшпелі мәдениет кодына негізделген өнер үлгілерін тереңірек түсінуге ықпал етіп, өнер тарихын жаһандық көпқырлы тұрғыдан қарастыруға жол ашады. Болашақ зерттеулер Тобаизмнің Орталық Азияның қазіргі заманғы өнер кеңістігіндегі өзге шығармашылық жүйелермен үндестігін зерделеуге бағытталған.

Түйін сөздер: Тобаизм, Тоққожа Қожағұлов, көшпелі дүниетаным, тектік жад, ие/кие, аян, авторлық тұжырымдама, көркем-философиялық жүйе, салыстырмалы талдау, мифопоэтика.

Дәйексөз үшін: Тоққожа, Қожағұлов және Еспенова Айгерім. «Тобаизм тұжырымдамасының қалыптасуы: XX ғасырдағы еуропалық және ресейлік көркемдік ағымдармен салыстырмалы талдау», *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 11, No. 2, 2026, 256–275 бб., DOI: 10.47940/cajas.v11i2.1174

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

XX ғасыр бейнелеу өнерінің тарихы әдетте еуропалық және ресейлік модернизм мен авангард ағымдарының (символизм, кубизм, супрематизм, сюрреализм) эволюциялық тізбегімен жүйеленеді. Алайда бұл парадигма аясында ұлттық дүниетаным мен рухани-онтологиялық тәжірибеге негізделген авторлық тұжырымдамалар көбіне «аймақтық вариация» деңгейінде ғана бағаланып келеді.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ бейнелеу өнеріндегі Тоққожа Қожағұлов қалыптастырған Тобаизм тұжырымдамасы өнертану үшін мүлдем жаңа әрі күрделі зерттеу нысанына айналып отыр. Тобаизм тек формалық экспериментпен шектелмей, көшпелі мәдениетке тән тектік жад, «ие/кие» феномені, аян мен ғарыштық тұтастық сияқты ұғымдарды өнердің болмыстық өзегіне көтереді. Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты — Тобаизмді модернизмнің жай ғана жергілікті нұсқасы ретінде емес, өзіндік онтологиялық, гносеологиялық және этикалық негіздері бар дербес көркем-философиялық жүйе ретінде дәлелдеу.

Зерттеудің міндеттері XX ғасыр басындағы авангардтық ағымдардың көркемдік ерекшеліктерін айқындап қана

қоймай, тотемизм мен даосизмді дүниетанымдық модельдер ретінде салыстырмалы талдауға негізделеді. Сондай-ақ, «ТО — БА — ТОБА», «ие/кие» және «аян» ұғымдарын жүйелей отырып, «МЕН», «Жырдың қызыл жолбарысы. Жамбыл», «Ер-Қарасай» туындылары арқылы оның дербес көркемдік дәрежесін айқындауды көздейміз.

Тобаизм феноменін халықаралық дискурсқа шығарған Шахизада Турганбаева, Еркежан Омарова, Сәуле Нұрбай және Светлана Киргизбекова (Innovaciencia 2022) секілді ғалымдардың еңбектері бұл бағыттың философиялық салмағын айқындап берді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы — Тобаизмнің әлемдік авангардтан түбегейлі айырмашылығын көрсетуінде. Егер авангард өнердің тек «тілін» жаңартса, Тобаизм өнердің адамды тектік жадпен байланыстыратын рухани міндетін қайта жаңғыртады.

Әдіснамалық негіз ретінде салыстырмалы-типологиялық талдау, иконология, герменевтика және мифопоэтикалық тәсілдер кешенін қолдандық. Сондай-ақ, Карл Густав Юнгтің архетип теориясы, Мирча Элиаденің сакралды уақыт туралы тұжырымдары, Алексей Лосевтің символ философиясы мен даосизмнің «ішкі ма-

трица» туралы ілімі зерттеуіміздің теориялық тірегі болды.

Қорыта айтқанда, Тобаизм — бұл жай ғана стильдік ізденіс емес, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басындағы қазақ өнеріндегі адамның жоғалған рухани қабаттарын қайта жинақтауға бағытталған көркем-философиялық құбылыс. Зерттеу әдісі ретінде әр ағымның дүниетанымдық өзегі мен көркем тілін Тобаизммен салыстыра отырып, оның әлемдік өнер кеңістігіндегі орнын анықтауды мақсат еттік.

Әдістері мен материалдары

Зерттеудің әдіснамалық негізі авторлық көркем-философиялық жүйені талдауға және оны кең тарихи-мәдени контекстпен салыстыруға мүмкіндік беретін әдістер кешеніне сүйенеді. Негізгі тәсіл ретінде мәтіндер мен туындылар арқылы ашылатын мағыналық құрылымдарды зерделейтін сапалық талдау және герменевтикалық (интерпретациялық) әдістеме қабылданды.

Басты әдіс — салыстырмалы-типологиялық талдау Тобаизм мен XX ғасырдағы авангардтық ағымдардың (символизм, кубизм, сюрреализм) дүниетанымдық өзегін, көркемдік тілін және рухани тәжірибеге қатысын жүйелі түрде салыстыру үшін қолданылды. Мысалы, Тобаизмдегі «ТО» категориясы мен даосизмдегі «Дао» ұғымының типологиялық жақындығымен қатар, маңызды айырмашылығы анықталды: Дао сыртқы әмбебап заңдылық болса, ТО — адамның ішкі рухани қуаты, тікелей сезіну тәжірибесі. Бұл әдіс Тобаизмнің дербестігін философиялық-эстетикалық деңгейде дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Мифопоэтикалық талдау Тобаизм негізіндегі мифтік ойлау үлгілерін, архетиптер мен символдар жүйесін тереңірек түсіну үшін қажет болды. Бұл тәсіл Токқожа Қожағұловтың туындыларындағы бейнелерді көшпелі дүниетаным мен тектік жадтың мағыналық жинақтаушысы ретінде қарастыруға жол ашты. Мәселен, «Жырдың қызыл жолбарысы. Жамбыл» картинасындағы жолбарыс бейнесі К.Г.

Юнгтің ұжымдық бейсана теориясы тұрғысынан ғана емес, Тобаизмдегі «кие» ұғымының онтологиялық-рухани көрінісі ретінде талданды.

Иконологиялық талдау (Эрвин Панофский) көркем туындыны үш деңгейде (табиғи, мәдени-тарихи, ішкі мағына) зерттеуге мүмкіндік берді. «МЕН» және «Жырдың қызыл жолбарысы. Жамбыл» шығармаларын талдау барысында:

— Бірінші деңгейде бейнелердің түстік және пластикалық ерекшеліктері белгіленді;

— Екінші деңгейде бейненің көшпелі дүниетанымдағы рухани серік (кие) ретіндегі рөлі ашылды;

— Үшінші деңгейде «МЕН» бейнесі тектік жад пен жауапкершіліктің онтологиялық символы ретінде интерпретацияланды.

Құрылымдық-стилистикалық талдау туындылардың композициялық, түстік және пластикалық ерекшеліктерін анықтау үшін пайдаланылды. Алайда, бұл талдау басты назардың нысаны болған жоқ, тек дүниетанымдық идеялардың көркемдік материалда қалай жүзеге асырылғанын түсіну үшін қолданылды. Зерттеу нақты әдістермен қатар, талдау барысында интерпретациялық ақпараттық фильтр ретінде пайдаланылған теориялық тұжырымдамаларға сүйенеді:

— Карл Густав Юнгтің архетиптер теориясы туындылардағы бейнелердің жалпыадамзаттық және этно-мәдени тамырларын ашуға мүмкіндік берді.

— Мирча Элиаденің сакралдық уақыт пен миф туралы тұжырымдары көшпелі дүниетанымның циклдік уақыт пен мифтік қайта өрлеу тұжырымдамаларын талдауға негіз болды.

— Алексей Лосевтің символ философиясы Тобаизм контекстіндегі символдың құрылымдық-мағыналық ерекшелігін, сондай-ақ оның жаңа рухани тәжірибені қалыптастырушы рөлін түсінуге әсер етті (Лосев 18).

— Клод Леви-Стросстың құрылымдық антропологиясы (мифтік ойлау) То-

баизмнің мифопоэтикалық жүйесінің ішкі логикасын анықтауға көмектесті. «Тотемизм екі қатардың арасында тамаша қалыптасқан қатынастарды қамтиды, біреуі табиғи, екіншісі мәдени» (Леви-Строс 48).

— Даосизм философиясының негізгі категориялары, әсіресе «Дао» ұғымы, Тобаизмнің «ТО» категориясын типологиялық тұрғыдан талдаудағы маңызды салыстырмалы нүкте ретінде қызмет етті. Барлық тіршілік иелеріне мол пайда әкелетін су ештеңеге қарсы тұрмайды. Ол адамдар көрмейтін жерде, сондықтан ол Дао ретінде қабылданады» (Лао-цзы 14).

Түркі халықтарының ежелгі түсінігінде, кейбір адамдардың өзінің киесі (аң, жануар бейнесінде) және иесі (адам бейнесінде) болатыны, олар сол өмір сүріп жатқан адамды қорғап-қоршап, желеп-жебеп жүретіні, сол арқылы олардың санасы кеңейіп, әруақтар әлемімен байланысқа түсуі, солар арқылы Жаратушыға (оның атын Тоба деген, То — Жаратушы, Ба — Баба, яғни Жаратушы ие дегенді білдіреді) жалбарынып, құдіретін мойындауы, сол арқылы ерекше бір тылсым күшке, қасиетке ие болатыны туралы ұғым бар. Бұған әулие Бекет атаның «арқары», Райымбек батырдың «түйесі», Қарасай батыр мен Жамбылдың «жолбарысы», Кемпірбай ақынның «көк ала үйрегі» т.б. сияқты киелерге байланысты ел арасында айтылып жүрген аңыз-әңгімелер дәлел бола алады (Ахмет 2).

Мақаланы жазу барысында эмпирикалық материалдар ретінде ең алдымен Тоққожа Қожағұловтың көркем туындыларының тікелей бейнелері (репродукциялары) пайдаланылды. Талдаудың негізгі нысаны ретінде «МЕН», «Жырдың қызыл жолбарысы. Жамбыл» және «Ер-Қарасай» сияқты шығармалар таңдалып алынды. «Т.М. Қожағұлов жазған портреттерді талдау суретшінің портреттердің психологиялық ерекшеліктерін терең түсінетіндігін, сондай-ақ сыртқы ұқсастықтарды жеткізіп қана қоймай, адамның ішкі әлемін аша алатындығын көрсетті (Нехвядович 168).

Тобаизмнің бірегейлігін айқындау үшін үш негізгі өлшемшарт басшылыққа алынды: қоршаған ортаны «ТО — БА — ТОБА» үштігі арқылы қабылдайтын дүниетаным, шындықты сезінуге негізделген түйсінуге және адамның ішкі рухани әлеміне үңілетін адам бейнесі.

Талқылау

Жүргізілген салыстырмалы талдау Тобаизмнің XX ғасырдың негізгі авангардтық парадигмаларымен бірқатар іргелі айырмашылықтарын анықтады. Бұл айырмашылықтарды бұрынғы зерттеулер контекстінде талқылау жұмыстың ғылыми жаңалығын орнықтыруға жол ашады.

Қазақстан өнертану ғылымында Шахизада Түрганбаева, Лариса Нехвядович, Берикжан Альмухамбетов сынды ғалымдардың Тоққожа Қожағұлов туындыларының көркемдік бейнелілігіне, тотемизмнің адамзат тарихындағы орны мен рөліне қатысты зерттеулері ерекше маңызға ие. Себебі бұл еңбектер суретшінің шығармашылығындағы мифопоэтикалық ойлау жүйесін, ежелгі символдардың қазіргі заманғы көркем тілде қайта жаңғыруын және тотемистік көзқарастардың қазақ халқының рухани мәдениетіндегі сабақтастығын терең талдайды. Атап айтқанда, Тобаизмнің тотемизммен генетикалық байланысы, оның қазіргі көркемдік процесте этномәдени сәйкестікті жаңғырту әдісі ретіндегі рөлі айқындалады. Зерттеушілер Тобаизмді суретшінің рухани-шығармашылық әдісінің өзегі ретінде сипаттайды, онда ата-бабалардың сенімдері мен мифтері қазақ этносының рухани-эстетикалық құндылықтарын бейнелейтін көркемдік шындыққа айналады. Бұл зерттеулер Тобаизмнің Орталық Азия өнерінің кеңістігіндегі орнын айқындауда маңызды теориялық негіз болып табылады.

Әдетте, қазақстандық заманауи өнерді, әсіресе оның кеңестік кезеңнен кейінгі дәуірін зерттеген жұмыстарда авторлық стильдер мен олардың ұлттық дәстүрмен

байланысы талқыланады. Мысалы, зерттеушілер Тоққожа Қожағұлов шығармашылығындағы мифологиялық және тотемдік бейнелерге жиі назар аударады, оларды қазақтың рухани мұрасының көркемдік көрінісі ретінде сипаттайды. Алайда, бұл тәсілдер көбіне этнографиялық-стистикалық шеңбермен шектеледі, яғни олар өнерді ұлттық сипаттамалар жиынтығының көрінісі ретінде талдайды.

Бұған қарама-қарсы, біздің зерттеуіміз Тобаизмді жай ғана «ұлттық стильдік ерекшелік» немесе дәстүрлі символдардың заманауи тілге көшірілген нұсқасы ретінде емес, өзіндік ішкі үйлесімділікке ие көркем-философиялық жүйе ретінде қарастыруды ұсынады. Бұл тәсіл оның тек қана көрінісін (стилін) емес, онтологиялық негіздерін, яғни мәнін зерттеуге бағытталған.

Дәл осы жерде біздің зерттеуіміздің тұжырымдамалық жаңалығы жатыр. Дәстүрлі өнертанулық әдебиетте қазақ авангарды мен модернизмі, әдетте, Ресей немесе Орталық Азия авангардының бөлігі ретінде, оның стилистикалық элементтері мен тарихи динамикасы шеңберінде ғана талданған. Біздің тәсіліміз бұл шектеуді бұзып, Тобаизмді қазақтың рухани-мәдени коды мен тарихи тағдырынан туындайтын, өзіндік эстетикалық-философиялық бағдарлары бар дербес феномен ретінде қарастырады. Біз оның орнын тек тарихи-мәдени контекстте ғана емес, әмбебап эстетикалық-философиялық дискурста да — кубизм, сюрреализм немесе супрематизм сияқты өз дәуірінің шындығын танымның жаңа үлгісін ұсынған жүйелер қатарында іздейміз.

Екінші жағынан, қазіргі теориялық өнертануда «поставангард», «концептуалдық өнер» және «жаңа мифологизм» сияқты феномендерге назар аударылу да. Кейбір зерттеушілер Қожағұловтың шығармашылығын осы терминдер арқылы да сипаттауға тырысқан. Бірақ бұл тәсіл де қиындықтар туғызады. Мысалы, концептуалдық өнер идеяны материалдық формада жоғары қояды, ал Тобаизмде рухани тәжірибе мен оның көркем бейнесі ажы-

рамас тұтастықты құрайды. Поставангард сыни мағынада тарихи авангардқа сілтеме жасайды, ал Тобаизмнің мақсаты тарихи үлгілерді көшірмелеу емес, түпкілікті рухани қатынасты қалпына келтіру. Сондықтан, бұл жаһандық категорияларды тікелей қолдану Тобаизмнің өзіндік ерекшелігінің анықтығын жоғалтуына әкелуі мүмкін.

Біздің зерттеу жұмысымызда ұсынылған «көркем-философиялық жүйе» тұжырымдамасы дәл осы теориялық бос орынды толтыруға және Тобаизмді дәл анықтауға бағытталған. Бұл тұжырымдама оның дербестігін төмендегідей негізгі өлшемшарттар арқылы негіздеуге мүмкіндік береді:

— Онтологиялық негізділік: Тобаизмнің тек формальды емес, түпкілікті онтологиялық (болмыстық) негізі бар (ТО—БА—ТОБА, ие/кие).

— Ішкі жүйелілік: Ол жеке бейнелер мен символдардың жай жиынтығы емес, тұтас дүниетанымды көрсететін ішкі үйлесімді, логикалық тұтастыққа ие.

— Этикалық-рухани мақсаттылық: Ол өнердің этикалық-рухани миссиясы туралы нақты түсінікпен (аян, ояту) жабдықталған, яғни эстетикалық әрекет арқылы рухани трансформацияға ұмтылады.

Сонымен қатар, біздің салыстырмалы талдауымыз сюрреализммен типологиялық жақындық туралы болжамдарды нақтылайды. Сюрреалистер (мысалы, Сальвадор Дали сияқты суретшілер) үшін санасыздық — бұл негізгі қайнар көз. Олар түстерді, қарапайым ойларды, кездейсоқ кескіндерді қолданады. Олардың мақсаты — логиканың қатаң ережелерін бұзып, сезімдерді басуға жол бермей, оларды шығаруға жағдай жасау. Олардың иррационалдылығы — бұл еркіндік пен тәртіпсіздік.

Тобаизмде болса, мұндай нәрсе жоқ. Мұндағы негізгі тұжырым — «аян». Аян дегеніміз санасыздықтың тәртіпсіз ағыны емес. Керісінше, бұл сананың өте анық, жоғары күйге көтерілген жай-күйі. Бұл —

адамның ішкі, терең жадқа саналы түрде енуі, өз рухымен (иесімен) кездесуі. Бұл кездейсоқ құбылыс емес, рухани дайындық пен тәжірибенің нәтижесі. Тобаизм үшін бұл әлемге қатынас тек көркемдік әдіс емес, бірінші кезекте рухани тәжірибе, ішкі ізденіс. Ал батыстық авангард (сюрреализм де оның бір бөлігі) көбінесе тек өнердің рухани өлшемсіз жаңа пішінін ғана іздеді. Сондықтан тобаизмдегі «аян» тек сурет салу тәсілі ғана емес, ол өмір мен рухтың терең қатынасын білдіреді.

Тобаизм мен тотемизмнің арасында айтарлықтай ұқсастықтар бар, бірақ негізгі айырмашылық олардың қоғамдық-рухани қызметінде жатыр. Тотемизм қоғамдық-рәсімдік жүйе болса, Тобаизм — жеке рухани жауапкершілік және өзін-өзі тану тәжірибесі. Кие (жануар серік) қорғаушы емес, керісінше, ішкі рухтың (иенің) көрінісі және оған жауап беруді талап ететін архетип. «Архетип — ұжымдық бейсананың ең көне немесе алғашқы элементтері, яғни ежелден бері бар әмбебап бейнелер» (Юнг 9).

Қорытындылай келе, жүргізілген талдау осы зерттеудің алдыңғы ғылыми еңбектерден ерекшелігін айқындап, оның ғылыми жаңалығы мен теориялық-практикалық үлесін негіздеуге мүмкіндік береді:

1. Салыстырмалы өлшемнің кеңеюі: Тобаизм тек қазақ немесе орталықазиялық контекстте емес, әлемдік авангардтың толық спектрімен салыстырылады, бұл оның дербестігін әлдеқайда нақтырақ көрсетеді.

2. Талдау деңгейінің тереңдеуі: Зерттеу стилистикадан онтологияға, этнографиядан философияға ауысады, Тобаизмнің тек көрінісін емес, мәнін зерттейді.

3. Терминологиялық нақтылық: Жаңа мифологизм немесе поставангард сияқты жалпыланған терминдерді қолданбастан, Тобаизмге сәйкес келетін және оның ерекшелігін сақтайтын «көркем-философиялық жүйе» деген тұжырымдама ұсынылады.

Бұл тәсіл Тобаизмді жергілікті құндылық ретінде ғана емес, өнер мен руха-

нилықтың жаһандық өзара іс-қимылына қосқан өзіндік үлесі бар әлемдік өнертану дискурсының құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Тобаизм — суретші Тоққожа Қожағұловтың бейнелеу өнеріне ұсынған авторлық көркем-философиялық тұжырымдама. «Тоққожа Мұқажанұлы Қожағұлов — қазақ, қоршаған табиғатпен, жануарлар әлемімен туыстық байланысты сезінетін көшпелілердің ұрпағы» (Турганбаева 156). Оның іргелі тезисі: өнер көру үшін емес, ояту үшін жасалады; бейне — сыртқы көріністі көшіру емес, ішкі қозғалысты шақыру. Тобаизмнің негізін ТО — БА (БАБА) — ТОБА ұштағаны құрайды:

— ТО — Жаратушы бастау, тіршіліктің алғашқы тынысы, табиғаттағы ырғақта, дыбыста, жарықта сезілетін тірі куат. «ТО» категориясы — даосизмдегі «Дао» сияқты әмбебап заңдылықты емес, керісінше, сол заңдылықтың адам бойындағы тәжірибелік өлшемін білдіреді;

— БА/БАБА — ие, тектік жад, ар-ұждан мен жауапкершіліктің күзетшісі. Ол тектік жад пен ар-ұждан ұғымдарын біріктіретін күрделі этикалық-онтологиялық құрылым.

— ТОБА — ТО мен БА-ның түйіскен күйі: адам-табиғат-ғарыш бір тербелісте тоғысатын тұтастық. Бұл құрылым Тобаизмді тек «стиль» емес, дүниетанымдық жүйе деңгейіне шығарады;

— «Ие/кие» ұғымы — Тобаизмнің ерекше антропологиялық моделін құрайды. М.Элиаде (2000) атап өткендей, көшпелі дүниетанымда адам мен табиғат арасындағы шекара өткінші, ал Тобаизмде бұл өткіншілік көркемдік тәжірибенің негізіне айналады;

— «Аян» ұғымы — Тобаизмнің гносеологиялық өзегі. Ол сананың сергектігін, ішкі дайындық пен рухани жинақталуды талап етеді. «Аян» — бұл К.Г. Юнг сипаттаған архетиптердің тікелей тәжірибелік көрінісі, алайда Тобаизмде ол автоматты

түрде емес, адамның ізденісі мен рухани тәртібінің нәтижесінде пайда болады.

Осы тұжырымдаманың ерекшелігін және оның қазіргі заманғы көркем ойдың контекстіндегі орнын түсіну үшін оны XX ғасырдың іргелі ағымдарымен жан-жақты салыстырмалы талдауға талпыну қажет. Талдау барысында әрбір ағымның өзекті қағидалары мен Тобаизммен арасындағы іргелі айырмашылықтар анықталды. Төмендегі кестеде бұл айырмашылықтар жүйеленген түрде келтірілген, ал оған ілестіріні талдауда әр ұғым тереңірек ашылады.

Жоғарыда келтірілген кестедегі айырмашылықтарды тереңірек талдау мақсатында XX ғасырдың негізгі ағымдарын Тобаизммен қарым-қатынасы тұрғысынан жеке қарастыру қажет.

Символизм (XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басы) көркем бейнені көрінбейтін шындықтың «символдық тілі», яғни жасырын мәннің кілті ретінде ұсынды. Оның поэтикасы миф, түс және діни-философиялық ишараға негізделген. Еуропалық (Одilon Редон, Гюстав Моро) және ресейлік (Михаил Врубель, Виктор Борисов-Мусатов) суретшілердің еңбектері бейнелеу өнерін жаңа метафизикалық тереңдікке көтерді. Символизмнің түйіні — мәнді астарлап айтуда. «Символизм стиль емес, символизм — бұл дүниетаным» (Аникин 130). Тобаизм осы тәсілге түбегейлі қарсы тұрады. Ондағы ие/кие ұғымы «белгі» ретінде емес, тікелей тәжірибе ретінде сезіндіріледі. Яғни, символ арқылы бүркемеленетін мәннің орнына, Тобаизм тірі рухани қатынастың өзіне әкеледі. Мұнда бейне мағынаны ашатын код емес, адамның ішкі жауапкершілігін іске қосатын тұлға.

«Мир искусства» («Өнер әлемі») бірлестігі өнерді тұрмыстық-әлеуметтік қажеттіліктерден және саясаттан бөліп, оның стиль, талғам және театрлық-декоративтік сұлулық сияқты ішкі заңдылықтарын алға шығарды. Оның өкілдері (Александр Бенуа, Лев Бакст) эстетикалық тазалық пен «өнер үшін өнер» доктринасын нығайтты. «Шығармашылық еркіндік иде-

ясын «өнер әлемінің» ұйымдастырушылық қағидаттары да атап өтті, онда ешқандай жарғылық талаптар, азды-көпті қатаң ережелер болған жоқ» (Перевезенцева 365). Тобаизм осы эстетикалық автономия идеясын мойындамайды. Ол эстетикалық сұлулықтан бұрын өнердің рухани миссиясын, оның оятушылық рөлін алға қояды. Эстетика мұнда мақсат емес, рухқа қызмет ететін құралға айналады.

Импрессионизм және оның ықпалы Ресей кескіндемесіне жарық пен түстің сәттік әсерін, пленэрлік еркіндікті енгізді; постимпрессионизм әсемділік құрылымды күшейтті (Константин Коровин, Валентин Серов). Бұл бағыттың түйіні — көру мәдениетін жаңарту, оптикалық әсердің көркем жүйеге айналуы. «...импрессионистер алынған өткінші реакцияны бастапқы күйінде бекітуге назар аударады, жалпы алғанда, әрбір компонент пен оның қозғалысына баса назар аударылады» (Шаронова 89). Тобаизм көзге емес, санаға және жадқа үндейді. Ол көруден гөрі оятудың ішкі мәдениетін ұсынады, яғни сыртқы әсерді емес, ішкі түрленуді тілейді.

Неопримитивизм (Михаил Ларионов, Наталья Гончарова) халық өнеріне, икона мен лубокқа сүйеніп, архаиканы стильдік ресурс ретінде пайдаланды. Ол ұлттық түп-тамырды көркем тіл ретінде қайта игерді. «Ларионов өзінің жосықсыз картиналарында да кескіндеменің «символдық қағидатын» сақтаудан бас тартқан жоқ» (Бобринская 57). Тобаизм үшін архаика — стиль емес, онтологиялық негіз, тектік жадтың өзі. Көшпелі дүниетанымдағы ие, кие, аруақ ұғымдары этнографиялық деталь ретінде емес, қазіргі адамның рухани болмысын тіреп тұрған тірек ретінде пайымдалады.

Футуризм (Давид Бурлюк, Владимир Маяковский) және оның кубофутуризммен тоғысқан нұсқасы қала цивилизациясын, техникалық прогресті, жылдамдық пен динамика культін дәріптеп, жаңа заманның серпінін насихаттады. Бұл ағымдардың философиялық өзегінде уақыттың сызықтық, прогрессивті түсінігі, яғни та-

рихтың үздіксіз алға қарай өрлеуі жатыр. «Футуристер сөз мағынасын жаңалап қана қойған жоқ, мәтінің мағыналық қорғандарын кілт өзгертті, оның композициялық, тіпті графикалық әсерін белсенді түрде пайдаланды» (Дадиева 161). Тобаизм осы парадигмаға түбегейлі қарсы тұрады. Онда уақыт сызықты емес, циклдік және ол техникалық прогресс арқылы емес, табиғи ритмдермен және тектік жадпен үйлесім арқылы түсініледі. Футуризм болашаққа ұмтылса, Тобаизм адамның өз ішіндегі мәңгілік «осы шақты» — табиғат, ата-бабалар рухы (БА) және Жаратушының (ТО) тынысымен тоғысқан ТОБА күйін — табуға бағытталған. Мұнда оңалу культінің орнына табиғи-рухани үйлесім орнығады.

Кубизм (Пабло Пикассо, Жорж Брак) кеңістікті бөлшектеу арқылы көруді қайта құрды, затты бірнеше қырынан бір мезетте көрсетуге ұмтылды. Тобаизм кеңістікті бөлшектеуді емес, онымен керісінше — сананы қайта жинақтауды мақсат етеді. Кубизм нақтылықты геометрияға ыдырататын болса, Тобаизм тәжірибені тұтас бейнеге келтіреді.

Супрематизм (Казимир Малевич) заттық әлемнен бас тартып, геометриялық формалар арқылы «таза сезімнің үстемдігін» жариялады. Ол абсолютті форманы, заттан арылған көркем кеңістікті іздеді. Тобаизм абсолютті тәжірибені (ТОБА күйін) іздейді, ал форма оған қызмет ететін құралға айналады. Яғни, супрематизм формадағы абсолютті іздесе, Тобаизм тәжірибедегі абсолютті іздейді.

Конструктивизм (Владимир Татлин, Александр Родченко) функцияны, өндіріс пен құрылымды алға қойып, өнерді социалистік қоғамды құруға қызмет ететін құрал ретінде көрді. Оның түйіні — өнердің әлеуметтік-функционалдық қызметін күшейту. Тобаизм утилитарлықты жоққа шығармайды, бірақ көркем актіні қасиетті әрекет ретінде түсінеді. Мұнда әрекет сыртқы әлеуметтік тапсырыстан емес, ішкі Иенің оянуынан басталады.

Сюрреализм (Андре Бретон, Сальвадор Дали) бейсананы, түс логикасын, автома-

тизмді шығармашылықтың басты көзі деп таныды. Ол иррационалдық, парадокс арқылы сана шекарасын бұзды. Тобаизмде аян (интуиция) автоматизм арқылы сананы өшіру емес. Керісінше, ол саналы сергектікпен қабылданатын, ішкі тыныштықта ашылатын тұтас бейнені білдіреді. Яғни, сюрреализмдегідей бейсана хаосы емес, тектік жадтың тәртіпке ие, терең қабаты ретінде көрінеді.

Сонымен қатар, Тобаизмді ағым ретінде емес, рухани-мәдени жүйе ретінде Тотемизм және Даосизммен салыстыру маңызды. Тотемизм — қауымдық қорғау мен ритуалды реттеу моделі. Алғашқы адамзат қоғамы жасаған табиғат пен өмірге арналған тарихи семантикалық шифр мәдени құндылық, «идеялар өндірісінің» нәтижесі, жаңа идеология мен жаңа мәдениетті пайдалануға берілген рухани құрал болды. Тотемизм дәл осылай әлеуметтік-ритуалдық механика ретінде қызмет етті (Френденберг 13).

Тобаизмде жануар бейнесі (кие) қорғаушы емес, жауапкершілікке шақыратын серік. Жануар — символдық «белгі» емес, адамның ішкі тәртібін ұстайтын тірі серік. Даосизм — ағым (Дао) философиясы. Тобаизм ағымды адамның ішкі жад-дірілі ретінде нақтылайды. ТО ұғымы Даоға жақын болғанымен тең емес: Дао — әмбебап заңдылық; ТО — сол ағымның адам бойында сезілетін дірілі, тәжірибелік-перцептивтік қабат. Тобаизм рухты алыстан емес, адамның өз ішінен табуға ұмтылады.

Жүргізілген салыстырмалы талдау Тобаизмнің:

- символизмнің жалғасы немесе оның жергілікті нұсқасы емес;
- неопримитивизмнің стильдік нұсқасы емес;
- кубизм не супрематизмнің формалық вариациясы емес;
- конструктивизмнің функционалдық эстетикасы емес;
- сюрреализмнің этникалық көшірмесі немесе мифологиялық аналогы емес екенін айқын дәлелдейді.

Кесте 1. Тобаизм мен XX ғасыр көркем ағымдарының салыстырмалы сипаттамасы

Бағыт/ағым	Еуропадағы осы бағыттың негізін салған өкілдер	Ресейдегі өкілдері	Идеялық өзек	Көркем тіл/тәсіл	Тобаизмнен айырмасы/үндестігі
Символизм	Odilon Redon, Gustave Moreau, Arnold Böcklin, Fernand Khnopff	Михаил Врубель, Виктор Борисов-Мусатов, Николай Рерих	Метафизикалық мәнді символ арқылы меңзеу	Миф, түс, ишара, астарлы образ	Тобаизмде символ «код» емес, тірі тәжірибе (ие/кие/аян)
«Мир искусства»	(Еуропалық модерн ықпалы: Art Nouveau ортасы)	Александр Бенуа, Лев Бакст, Константин Сомов, Евгений Лансере	Эстетикалық автономия, стиль, талғам	Графика, театрлық декорация, композиция	Тобаизмде эстетикадан бұрын рухани миссия алда
Импрессионизм ықпалы	Claude Monet, Pierre-Auguste Renoir, Camille Pissarro; (пост): Vincent van Gogh, Paul Cézanne, Paul Gauguin	Константин Коровин, Валентин Серов, Игорь Грабарь	Көру мәдениеті, жарық-түстің сәттік әсері	Еркін мазок, пленэр, оптика	Тобаизм көруден гөрі ояту/жадты қозғау тәжірибесі
Неопримитивизм	(аналогтар: primitivism/naïve)	Михаил Ларионов, Наталья Гончарова	Архаикаға бұрылу (халық, икона, лубок)	Жазықтық, контур, қарапайым форма	Тобаизмде архаика – стиль емес, онтологиялық жад
Футуризм	Filippo T. Marinetti (идеялық орта), Umberto Boccioni (өнерде)	Давид Бурлюк, (ортада) Владимир Маяковский	Прогресс, жылдамдық, техника культі	Динамика, агрессиялық жаңалық	Тобаизмде уақыт – циклдік/мәңгілік жад, прогресс культі емес
Кубо-футуризм	(кубизм+футуризм синтезі)	Казимир Малевич (ерте), Любовь Попова, Ольга Розанова	Көпқырлы көру + қозғалыс	Фрагментация, динамика	Тобаизм кеңістікті бөлшектемейді – сананы тоғыстырады
Кубизм	Pablo Picasso, Georges Braque, Juan Gris, Fernand Léger	(тоғыс орта) Попова, Удальцова т.б.	Кеңістікті қайта құру, көпқырлылық	Геометрия, фрагментация	Тобаизм «кеңістік» емес, ішкі тұтастықты құрайды
Супрематизм	(параллель: Piet Mondrian, Wassily Kandinsky)	Казимир Малевич, Ольга Розанова, Иван Ключ	«Таза сезім», заттан бас тарту	Геометрия, минимал құрылым	Тобаизмде абсолют – ие/кие/аян тәжірибесі, форма қызметші
Конструктивизм	Bauhaus: Walter Gropius, Moholy-Nagy; De Stijl: Theo van Doesburg	Владимир Татлин, Александр Родченко, Эль Лисицкий	Функция, өндіріс, құрылым	Дизайн, плакат, типография	Тобаизм утилитарлық емес: қасиетті көркем акт
Сюрреализм	André Breton, Salvador Dalí, Max Ernst, René Magritte, Joan Miró	(жанама жақындық) Марк Шагал; Павел Филонов (аналит.)	Бейсана, түс логикасы, автоматизм	Парадокс, иррационал кеңістік	Тобаизмде аян – автоматизм емес, саналы сергектік
Тотемизм	(антропол. модель)	(рулық-мифтік модельдер)	Қауымдық қорғау, табу-ритуал	Миф, тыйым, рәсім	Тобаизм: жануар қорғаушы емес, жауапкершілікке шақырушы кие

Даосизм	Lao-zi (филос.)		Дао, у-вэй, табиғилық	Үнсіз таным, ағым	ТО – Даоға жақын, бірақ ТО – адамда сезілетін діріл/тәжірибе
Тобаизм	(ұқсас емес; параллель: архетип, мифопоэтика)	Тоққожа Қожағұлов	ТО – БА(БАБА) – ТОБА: ие/кие, тектік жад, аян	Аянмен келетін тұтас бейне; түс – рух тілі	Модернизм тіл жаңартса, Тобаизм миссия жаңартады: өнер – ояту

Тұтастай алғанда, егер ХХ ғасыр авангарды негізінен өнердің тілін, оның формальды-эстетикалық аппаратын түбегейлі жаңартса, Тобаизм өнердің миссиясын, оның антропологиялық және рухани мақсатын жаңартады. Тобаизм тұрғысынан өнер — бейнелеу емес, оятудың кеңістігі; көрермен — сырттан бақылаушы емес, ішкі рухани жолға қадам жасаушы, өз тектік жад-дірілімен үндесуші. Дәл осы тұрғыдан қарағанда Тобаизм тек қазақ бейнелеу өнеріндегі дербес авторлық тұжырымдама ретінде ғана емес, әлемдік көркем ойдың эволюциясы мен рухани ізденістер картасында орны бар дербес феномен ретінде орнығады. Ол өткеннің терең жадтары мен болашақтың рухани әрекетін біріктіретін, «ТО-БА-ТОБА» ұштағаны арқылы өрнектелген заманауи дүниетанымдық жүйені ұсынады.

Негізгі тұжырымдар

Тұжырымдамалық деңгейде Тобаизм — ХХ ғасырдың еуропалық және ресейлік авангардтық ағымдарының логикасынан түбегейлі ауытқитын, дербес көркем-философиялық жүйе. Өнертануда оны жиі «стиль» немесе «авангардтың жергілікті нұсқасы» деп тар шеңберде сипаттайды. Алайда бұл зерттеу Тобаизмнің ТО — БА (БАБА) — ТОБА ұштағанына негізделген, ішкі үйлесімді дүниетанымдық модель екенін негіздейді. Егер авангард көркем тілді (кубизм), пішінді (супрематизм) немесе әлеуметтік функцияны (конструктивизм) өзгертсе, Тобаизм өнердің антропологиялық мәні мен рухани миссиясын жаңартады. Оның басты қағидасы — «өнер көру үшін емес, ояту үшін».

Тобаизмдегі бейнелер (ие, кие) жай ғана «белгі» емес. Символизмде сурет құпия мағынаны жасыратын код (сөздік) болса, Тобаизмде бейненің өзі — тікелей іс-әрекет пен рухани тәжірибе. Мысалы, кие (жануар бейнесі) көрерменге өзінің ішкі рухымен байланыс орнатуға көмектесетін, ішкі сезімді оятатын күш. Осылайша, Тобаизм қалай сурет салу керектігін ғана емес, сурет арқылы қалай тануға болатынын түсіндіретін жаңа гносеологиялық тұжырымдама ұсынады.

Бұл жүйеде архаика (миф, тотем, тектік жад) неопримитивизмдегідей «стильдік ресурс» емес, адам болмысының онтологиялық негізі. Неопримитивизм ежелгі пішіндерді заманауи тіл құру үшін пайдаланса, Тобаизм оны қазіргі адамның жоғалтқан тұтастығын қалпына келтіру құралы ретінде қарастырады. БАБА — тарихи мұра ғана емес, ішкі ар-ұждан мен жауапкершіліктің тірегі.

Сонымен қатар, Тобаизмдегі «аян» сюрреализмдегідей сананы өшіріп, түс пен кездейсоқтықты бейнелеу емес, керісінше, сананың шұғыл сергектігі мен ашылуы. Сюрреализм тәртіпсіздікке ұмтылса, Тобаизм ішкі тыныштық арқылы сананы күшейтіп, тұтас ақиқатты ашады. Мұндағы «кие» ұғымы классикалық тотемизмнің қорғаушылық моделінен жауапкершіліктің этикалық моделіне ауысады. Жануар бейнесі рухани өзін-өзі тануға шақыратын субъект ретінде қызмет етеді.

«ТО» категориясы мен даосизмдегі «Дао» ұғымын салыстыру Тобаизмнің дербестігін бекіте түседі. Дао — сыртқы, абсолютті заңдылық, ал ТО — сол әмбебап қозғалыстың адамның ішкі тәжірибесін-

де, сезімі мен рухани болмысында көрініс табуы.

Қорыта айтқанда, Тобаизм — көшпелі дүниетаным негізінде пайда болған, өнерді рухани тәжірибе ретінде қайта анықтайтын толыққанды жүйе. Ол посткеңестік кеңістіктегі өнерді тек «поставангард» немесе «концептуализм» шеңберінде емес, ішкі философиялық тұтастығы тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Осылайша, Тобаизм Орталық Азия өнерінің тарихы ғана емес, әлемдік өнер теориясы үшін де маңызды феномен ретінде орнығады.

Қорытынды

Қазақ бейнелеу өнерінде суретші Тоққожа Қожағұлов қалыптастырған Тобаизм тұжырымдамасы өзіндік философиялық-бейнелеу жүйесі ретінде танылып, ол қазақтың рухани дәстүрін заманауи пластикалық тілмен үйлестіретін бірегей құбылыс болып саналады. Жұмыстың басты мақсаты — Тобаизмнің жеке, өзіндік философиялық және көркемдік жүйе екенін дәлелдеу болды. Мәселені айқындау мақсатында аталған құбылыс XX ғасырдағы Еуропа мен Ресейдің негізгі көркемдік агымдарымен салыстырылды. Түрлі талдау әдістерін қолдану арқылы Тобаизмнің стильдің жай ғана бір түрі немесе шетелдік үлгінің қарапайым көшірмесі емес, өзіндік ішкі үйлесімділігі мен логикасы бар дербес авторлық жүйе екені дәлелденді. Осылайша, зерттеу жұмысы бастапқы қойған негізгі мақсатына — Тобаизмнің авторлық дербес жүйе ретіндегі мәртебесін дәлелдеуге толықтай қол жеткізді және оның қазақ мәдениеті мен әлемдік өнер контекстіндегі ерекше орнын айқындады.

Тобаизм — бөлек, дербес көркемдік жүйе. Оны XX ғасырдағы басқа агымдармен салыстырғанда анық ерекшеліктері бар.

Мәселен Тобаизмнің символизмнен айырмашылығы: Символизмде символ — жасырын мағынаның «кілті». Тобаизмде символ — рухани шынайылықтың тікелей көрінісі (ие/кие), яғни сыр емес, тікелей тәжірибе.

Неопримитивизмнен айырмашылығы: Неопримитивизм қарапайымдылық пен ежелгі форманы стиль ретінде қолданады. Тобаизм үшін көнелік (тектік жад) — бұл стиль емес, адам болмысының негізі.

Кубизм мен супрематизмнен айырмашылығы: Кубизм нәрсені бөлшектеп көрсетеді, супрематизм таза геометриялық формаға ұмтылады. Тобаизм — керісінше, бөлшектенуді емес, рух пен сананың біртұтастығын нығайтуды көздейді.

Сюрреализмнен айырмашылығы: Сюрреализм санасыз күйге ерікті түрде түсіп, сананың бақылауынан шығып, терең жатқан ішкі шындықтарды, қорқынштарды және армандарды бейнелейтін шығармашылық әлемді ашады. Тобаизмде бейне кенеттен жаралатын рухани-интеллектуалдық үдеріс. Бұл Құдаймен тікелей жеке тәжірибе арқылы байланысқа түсу, ол тұлғаның ішкі дүниесінде аян ретінде пайда болады және оның рухани тұлғасын түбегейлі өзгертеді.

Конструктивизмнен айырмашылығы: Конструктивизм өнерді қоғамды өзгерту құралы деп көреді. Тобаизм үшін өнер — бұл, ең алдымен, қасиетті әрекет пен рухани міндет.

Тобаизм — бұл өзге агымдардың техникасын қолдану емес. Оның өзіндік философиясы, мақсаты және дүниеге көзқарасы бар, сондықтан оны дербес жүйе деп атауға болады. Зерттеу Тобаизмнің ішкі философиялық құрылымын айқындап, оны үш негізгі категория арқылы жүйеледі: ТО (жаратушы бастау, тірі діріл), БА/БАБА (тектік жад, жауапкершілік) және олардың үйлесімді тоғысуынан туған ТОБА күйі (адам-табиғат-ғарыш тұтастығы). Бұл ұштаған Тобаизмді жай көркемдік әдістеме емес, толыққанды дүниетанымдық модельге айналдырады. «МЕН», «Жырдың қызыл жолбарысы. Жамбыл», «Ер-Қарасай» сияқты туындыларды талдау жоғарыда аталған қағидаттардың тек теорияда ғана емес, нақты көркем тәжірибеде толық жүзеге асырылатынын көрсетті. Бұл туындыларда бейнелер психологиялық портрет, тарихи бейнелеу не-

месе функционалдық модель ретінде емес, рухтың (иенің), жадтың (БА-ның) және табиғат серігінің (киенің) көрінісі ретінде қабылданады.

Зерттеудің тәжірибелік құндылығы ұлттық-мәдени дүниетанымға негізделген авторлық жүйелерді талдаудың жаңа үлгісін ұсынуында. Бұл тәсіл Тобаизмді тек этнографиялық бөлшектер жиынтығы немесе батыстық/ресейлік санаттардың (поставангард, концептуализм) жергілікті қолданылуы ретінде емес, өзіндік философиялық тұтастығы бар дербес феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Нәтижелер Тобаизмді тек қазақ өнері контекстінде ғана емес, әлемдік өнер ойы мен рухани ізденістер эволюциясының бір бөлігі ретінде түсінуге негіз береді. Ол өнер тарихын Батыс-Шығыс деп бөлу арқылы емес, көп мәдениеттік (мультиполярлы) перспективадан қарау қажеттілігін растайды және көшпелі мәдениет негізіндегі рухани-онтологиялық өнер үлгілерін түсінуге жол ашады.

Болашақтағы зерттеулерді бірнеше бағытта дамытуға болады. Біріншіден, жинақтық салыстырмалы талдау арқылы Тобаизм идеяларының Орталық Азияның заманауи өнеріндегі басқа авторлық тұжырымдамалармен қалай байланысатынын тереңірек қарастыру қажет. Екіншіден, түпкілікті контекстті кеңейту қажет.

Тобаизмнің түйіндері мен ұғымдарының дәстүрлі қазақ философиясы мен эстетикасының тікелей негіздерімен — жыраулар дәстүрінің, аңыз-ертегілер мен мифтердің тілімен байланысын ашып көрсету өте маңызды. Үшіншіден, халықаралық салыстырмалы зерттеулер жасау пайдалы. Тобаизмді Батыстың рухани-мифологиялық ізденістерімен салыстыратын жұмыстар жаңа көзқарастар ашады. Тобаизм қағидаттарының қазақстандық және шетелдік көркемдік білім беру жүйелерінде қалай пайдаланылуы мүмкін екенін зерттеп, оның заманауи цифрлық және мультимедиялық өнер формаларындағы көрінісін бақылау болашақ үшін маңызды бағыттардың бірі болуы мүмкін.

Тобаизм тұжырымдамасының қалыптасуы төңірегінде жүргізілген зерттеу Тоққожа Қожағұловтың Тобаизмін көркем ойдың дамуындағы маңызды дербес құбылыс ретінде орнықтырады. Ол өнердің тілін жаңартумен шектелмей, оның мәні мен миссиясын — адамның рухани тұтастығын, тектік жадпен байланысын қалпына келтіруді ояту құралы ретінде жаңартады. Тобаизмнің ұсынымы ұлттық өнерді зерттеудің шеңберін кеңейтіп, оны өнер мен руханилықтың әлемдік диалогына белсенді түрде қосады, бұл болашақта Орталық Азияның мәдени кодын негізге алатын жаңа теориялық және тәжірибелік ізденістердің дамуына ықпал етуі мүмкін.

Authors' contributions:

T. M. Kozhagulov – provided the conceptual foundation of the research, including the development of the philosophical and artistic system of Tobatism, the creation of the artworks analyzed in the article («MEN», «Zhyrdyn kyzyl zholbarysy. Zhambyl», «Er-Karasai») and the formation of key theoretical positions. He is the primary source of the concept and the object of the study.

A. E. Yespenova – conducted the comparative-typological analysis, developed the research methodology and the structure of the article, and provided the scholarly interpretation of the concept of Tobatism in the context of twentieth-century European and Russian artistic movements. She also systematized the material, substantiated the conclusions, and carried out the scientific editing of the text.

Авторлардың үлесі:

Т. М. Қожағұлов – Зерттеудің тұжырымдамалық негізі, оның ішінде Тобаизмнің философиялық-көркемдік жүйесін әзірлеу, талданатын өнер туындыларын жазу («МЕН», «Жырдың қызыл жолбарысы. Жамбыл», «Ер-Қарасай») және негізгі теориялық ережелерді қалыптастыру. Тұжырымдаманың және зерттеу объектісінің авторы.

А. Е. Еспенова – Салыстырмалы-типологиялық талдау жүргізу, мақаланың зерттеу әдістемесі мен құрылымын әзірлеу, Тобаизм тұжырымдамасын XX ғасырдың еуропалық және ресейлік көркемдік ағымдары тұрғысынан ғылыми түсіндіру. Материалды жүйелеу, тұжырымдарды негіздеу және мәтінді ғылыми редакциялау жүзеге асырылды.

Вклад авторов:

Т. М. Кожугулов – концептуальная основа исследования, включая разработку философско-художественной системы Тобаизм, создание анализируемых произведений искусства («МЕН», «Жырдың қызыл жолбарысы. Жамбыл», «Ер-Қарасай») и формирование ключевых теоретических положений. Является первоисточником идей и объектом исследования.

А. Е. Еспенова – проведение сравнительно-типологического анализа, разработка методологии исследования и структуры статьи, научная интерпретация концепции Тобаизма в контексте европейских и российских художественных течений XX века. Осуществлена систематизация материала, формулировка выводов и научное редактирование текста.

Дереккөздер тізімі

Дюркгейм, Эмиль. Элементарные формы религиозной жизни: тотемическая система в Австралии / перевод с французского А. Апполонова и Т. Котельниковой; под научной редакцией А. Апполонова. – Москва: Издательский дом «Дело» РАНХиГС, 2018. – 736 с.

Элиаде, Мирча. Миф о вечном возвращении / перевод с французского; научный редактор В. П. Калыгин, И. И. Шептунова. – Москва: Научно-издательский центр «Ладомир», 2000. – 420 с.

Лосев, Алексей. Проблема символа и реалистическое искусство. – Москва: Искусство, 1976. – 367 с.

Леви-Строс, Клод. Первобытное мышление / перевод, вступительная статья, примечание А. Островского. – Москва: ТЕРРА-Книжный клуб; Республика, 1999. – 392 с.

Фрейденберг, Ольга. Поэтика сюжета и жанра / подготовка текста, справочно-научный аппарат, предисловие, послесловие Н. В. Брагинской. – Москва: Лабиринт, 1997. – 448 с.

Лао-цзы. Дао дэ цзин / пер. с кит. – Москва: Наука, 1991.

Чжуан-цзы. Чжуан-цзы / перевод с китайского, вступительная статья, примечание В. Малявина. – Санкт-Петербург: Азбука, Азбука-Аттикус, 2021. – 480 с.

Юнг, Карл Густав. Архетипы и коллективное бессознательное / перевод с немецкого А. Чечиной. – Москва: Издательство АСТ, 2024. – 224 с.

Нехвядович, Лариса, Турганбаева, Шахизада и Черняева, Ирина. «Акварель в системе развития профессиональных компетенций студентов творческих направлений подготовки: опыт художника-педагога Токкожи Кожажулова». Мир науки, культуры, образования, №2 (105), 2024, с. 166-169.

Турганбаева, Шахизада, Нехвядович, Лариса и Альмухамбетов, Берикжан. «Мифопоэтические аспекты творчества казахстанского художника Токкожи Кожажулова». Культурное наследие Сибири, №1 (25), 2018, с. 154-159.

Турганбаева Шахизада, и др. «Предпосылки возникновения художественного течения тобаизма в изобразительном искусстве Казахстана». Инновационность, т. 10, № 1, 2022, стр. 1-13, doi.org/10.15649/2346075X.2972. Дата доступа 18 июня 2026.

Кенжебай Р.Н., Утеева Д.А., Жорабай С.Т., Жетпісбаева Г.Б. «“Кие” ұғымы және Түркістан облысының киелі жерлері». М. Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері, №1 (53). 2020. с. 64-68

Михаил, Аникин. «Живопись западноевропейского символизма». Научные труды Санкт-Петербургской академии художеств, №74, 2011, с. 127–136.

Перевезенцева, А. С. «Мировоззренческие основы объединения “Мир искусства”:
свобода творчества и “чистое искусство”». Преподаватель XXI век, №1 (ч. 2), 2011, с.
364–368.

Шаронова, Виктория; Яшина, Ольга. «Мастера случайного взгляда: импрессионизм
как новая форма истолкования действительности (импрессионизм и модернизм)».
Социогуманитарные коммуникации, №2 (2), 2022, с. 88–92.

Бобринская, Екатерина. «Лучизм Михаила Ларионова и четвертое измерение».
Искусствознание, №1, 2024, с. 24–75.

Дадиева, М. Д. «Футуризм ағымының қалыптасу тарихы». Қазіргі ғылым мен білімнің
өзекті мәселелері. Халықаралық XXII Байқоңыров оқулары материалдарының
жинағы. Кемерово, 2022, с. 159–162.

Ахмет, Өмірзақ. «Тобаизм» – Тоққожаның бағыты мен бағы. Түркістан газеті, 28
сәуір 2022, с. 2.

References

- Durkheim, Emile. Elementarnye formy religioznoi zhizni: totemicheskaya sistema v Avstralii [The Elementary Forms of Religious Life: The Totemic System in Australia] / transl. from French by A. Appolonov and T. Kotelnikova; ed. by A. Appolonov. – Moscow: Izdatel'skii dom «Delo» RANHiGS, 2018. – 736 p. (In Russian)
- Eliade, Mircea. Mif o vechnom vozvrashchenii [The Myth of the Eternal Return] / transl. from French; ed. by V. P. Kalygin, I. I. Sheptunova. – Moscow: Nauchno-izdatel'skii tsentr «Ladomir», 2000. – 420 p. (In Russian)
- Losev, Aleksei. Problema simvola i realisticheskoe iskusstvo [The Problem of Symbol and Realistic Art]. – Moscow: Iskusstvo, 1976. – 367 p. (In Russian)
- Levi-Stros, Klod. Pervobytnoe myshlenie [The Savage Mind] / transl., introd., notes by A. Ostrovskii. – Moscow: TERRA-Knizhnyi klub; Respublika, 1999. – 392 p. (In Russian)
- Freidenberg, Olga. Poetika siuzheta i zhanra [Poetics of Plot and Genre] / prep. of text, ref. apparatus, forew., afterw. by N. V. Braginskaia. – Moscow: Labirint, 1997. – 448 p. (In Russian)
- Lao-tszy. Dao de tszin [Tao Te Ching] / transl. from Chinese. – Moscow: Nauka, 1991. (In Russian)
- Chzhuan-tszy. Chzhuan-tszy [Zhuangzi] / transl. from Chinese, introd., notes by V. Maliavin. – Saint Petersburg: Azbuka, Azbuka-Attikus, 2021. – 480 p. (In Russian)
- Iung, Karl Gustav. Arkhetipy i kollektivnoe bessoznatel'noe [Archetypes and the Collective Unconscious] / transl. from German by A. Chechina. – Moscow: Izdatel'stvo AST, 2024. – 224 p. (In Russian)
- Nekhvyadovich, Larisa; Turganbayeva, Shakhizada i Chernyayeva, Irina. «Akvarel' v sisteme razvitiia professional'nykh kompetentsii studentov tvorcheskikh napravlenii podgotovki: opyt khudozhnika-pedagoga Tokkozhi Kozhagulova». [«Watercolor in the System of Developing Professional Competencies of Students in Creative Fields: The Experience of Artist-Teacher Tokkozhi Kozhagulov»] Mir nauki, kul'tury, obrazovaniia [The World of Science, Culture, Education], no. 2 (105), 2024, pp. 166–169. (In Russian)
- Turganbayeva, Shakhizada; Nekhvyadovich, Larisa i Al'mukhambetov, Berikzhan. «Mifopoeticheskie aspekty tvorchestva kazakhstanskogo khudozhnika Tokkozhi Kozhagulova». [«Mythopoetic Aspects of the Work of the Kazakh Artist Tokkozhi Kozhagulov»]. Kul'turnoe nasledie Sibiri [Cultural Heritage of Siberia], no. 1 (25), 2018, pp. 154–159. (In Russian)
- Turganbayeva Shakhizada, et al. “Predposylki vzniknoveniya khudozhestvennogo techeniya tobaizma v izobrazitel'nom iskusstve Kazakhstana.” [“Prerequisites for the emergence of the artistic movement of Tobaism in the fine arts of Kazakhstan.”]

Innovaciencia, vol. 10, no. 1, 2022, pp. 1-13, doi.org/10.15649/2346075X.2972. Accessed 18 June 2026. (In Russian)

Kenzhebay R. N., Uteyeva D. A., Zhorabay S. T., Zhetpisbayeva G. B. «Kiye» ugymy zhane Turkistan oblysynyng kiyeli zherleri». M. Aueyzov atyndagy OQMU gylymi yenbekteri. №1 (53). 2020. 64-68 ss. (in Kazakh)

Anikin, Mikhail. «Zhivopis' zapadnoevropeiskogo simvolizma». [«Painting of Western European Symbolism»]. Nauchnye trudy Sankt-Peterburgskoi akademii khudozhestv [Scientific Works of the St. Petersburg Academy of Arts], no. 74, 2011, pp. 127–136. (In Russian)

Perevezentseva, A. S. «Mirovozzrencheskie osnovy ob"edineniia 'Mir iskusstva': svoboda tvorchestva i 'chistoe iskusstvo'». [«Worldview Foundations of the 'World of Art' Association: Freedom of Creativity and 'Pure Art'»]. Prepodavatel' XXI vek [Teacher of the 21st Century], no. 1 (ch. 2), 2011, pp. 364–368. (In Russian)

Sharonova, Viktoriia; Yashina, Ol'ga. «Mastera sluchainogo vzgliada: impressionizm kak novaia forma istolkovaniia deistvitel'nosti (impressionizm i modernizm)». [«Masters of the Random Glance: Impressionism as a New Form of Interpretation of Reality (Impressionism and Modernism)»]. Sotsiogumanitarnye kommunikatsii [Socio-Humanitarian Communications], no. 2 (2), 2022, pp. 88–92. (In Russian)

Bobrinskaia, Ekaterina. «Luchizm Mikhaila Larionova i chetvertoe izmerenie». [«Rayonism of Mikhail Larionov and the Fourth Dimension»]. Iskusstvoznanie [Art History], no. 1, 2024, pp. 24–75. (In Russian)

Dadiyeva, M. D. «Futurizm agymynyng qalyptasu tarikhyy». Qazirgi gylym men bilimning ozekti maseleleri. halyqaralyq KHKHII Bayqonyrov oqulary materialdarynyng zhinagy. Kemerovo, 2022, s. 159–162. (in Kazakh)

Akhmet, Өmirзақ. Akhmet, Өmirзақ. «“Tobaizm” – Toqqozhanyng bagyty men bagy». Turkistan gazeti, 28 sauir 2022, s. 2. (in Kazakh)

Кожагулов Токкожа, Еспенова Айгерим

Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан)

ФОРМИРОВАНИЕ КОНЦЕПЦИИ ТОБАИЗМА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ С ЕВРОПЕЙСКИМИ И РОССИЙСКИМИ ХУДОЖЕСТВЕННЫМИ ТЕЧЕНИЯМИ XX ВЕКА

Аннотация. В статье концепция «Тобаизма», сформулированная художником Токкожой Кожагуловым, рассматривается в сравнительном анализе с основными художественными течениями Европы и России XX века (символизмом, авангардом, кубизмом, сюрреализмом), а также с древними мировоззренческими моделями (тотемизмом и даосизмом). *Цель* исследования – обосновать Тобаизм не просто как стилистический прием, а как самостоятельную художественно-философскую систему, обладающую духовно-мифологическим и этическим стержнем. *Методологическую* основу работы составляют сравнительно-типологический, иконологический и мифопоэтический подходы, а также концептуальные положения теории архетипов К. Г. Юнга и труды М. Элиаде о сакральном. В *результате* анализа были выявлены коренные отличия Тобаизма от других направлений. Если авангард стремился к радикальному обновлению внешней формы и языка искусства, то Тобаизм обновляет его антропологическую сущность, ориентируя на восстановление связи человека с родовой памятью. В противоположность бессознательному автоматизму сюрреализма, категория откровения (аян) в Тобаизме требует осознанной бдительности и внутренней готовности. Практическое воплощение данных принципов наглядно прослеживается в таких произведениях, как «Я» («МЕН»), «Красный тигр стиха. Жамбыл» («Жырдың қызыл жолбарысы. Жамбыл») и «Ер-Карасай» («Ер-Қарасай»). Исследование внедряет в искусствоведение новые методологические подходы к анализу авторских систем, основанных на национально-культурном мировоззрении. В международном контексте данная работа способствует более глубокому осмыслению моделей искусства, базирующихся на кодах кочевой культуры, и позволяет рассматривать историю искусств во всемирной плюралистической перспективе. Перспективы будущих исследований связаны со всесторонним изучением диалога и созвучия Тобаизма с другими самобытными творческими системами в пространстве современного искусства Центральной Азии.

Ключевые слова: Тобаизм, Токкожа Кожагулов, кочевое мировоззрение, наследственная память, «ие/кие», откровение, авторская концепция, художественно-философская система, сравнительный анализ, мифопоэтика.

Для цитирования: Кожагулов, Токкожа, и Айгерим Еспенова. «Формирование концепции тобаизма: сравнительный анализ с европейскими и российскими художественными течениями XX века», *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 11, No. 2, 2026, pp. 256–275, DOI: 10.47940/cajas.v11i2.1174

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Kozhagulov Tokkozha, Yespenova Aigerim

Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty city, Republic of Kazakhstan)

FORMATION OF THE CONCEPT OF TOBAISM: A COMPARATIVE ANALYSIS WITH EUROPEAN AND RUSSIAN ARTISTIC MOVEMENTS OF THE TWENTIETH CENTURY

Abstract. This article examines the concept of «Tobaism» formulated by artist Tokkozha Kozhagulov through a comparative analysis with the main artistic movements of twentieth-century Europe and Russia (symbolism, avant-garde, cubism, surrealism), as well as with ancient worldview models (totemism and Taoism). The *purpose* of the research is to substantiate Tobaism not just as a stylistic device, but as an independent artistic and philosophical system with a spiritual, mythological and ethical core. The *methodological* framework of the study is based on comparative typological, iconological and mythopoetic approaches, as well as the conceptual provisions of C. G. Jung's theory of archetypes and M. Eliade's works on the sacred. As a *result* of the analysis, the fundamental differences between Tobaism and other trends were revealed. If the avant-garde aspired to a radical renewal of the external form and language of art, then Tobaism renews its anthropological essence, focusing on restoring a person's connection with ancestral memory. In contrast to the unconscious automatism of surrealism, the category of revelation in Tobaism requires conscious vigilance and inner readiness. The practical implementation of these principles can be clearly seen in such works as «I» («MEN»), «The Red Tiger of Verse. Zhambyl» («Zhyrdyn kyzyl zholbarysy. Zhambyl») and «Er-Karasai» («Er-Karasai»). The research introduces new methodological approaches to the analysis of author systems based on a national and cultural worldview into art criticism. In an international context, this work contributes to a deeper understanding of art models based on the codes of nomadic culture, and allows us to consider art history from a worldwide pluralistic perspective. Future research may focus on a comprehensive study of the dialogue and harmony of Tobaism with other original creative systems in the space of contemporary art in Central Asia.

Keywords: Tobaism, Tokkozha Kozhagulov, nomadic worldview, hereditary memory, «ie/kie», revelation, author's concept, artistic and philosophical system, comparative analysis, mythopoetics.

Cite: Tokkozha Kozhagulov, «The Formation of the Concept of Tobaism: a Comparative Analysis with European and Russian Artistic Trends of the twentieth Century», *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 11, No. 2, 2026, pp. 256–275, 10.47940/cajas.v11i2.1174

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interest.

Annotated Keywords (for journals requiring clarification)

- *Tobaism* – An autonomous artistic-philosophical concept grounded in the nomadic worldview, ancestral memory, and spiritual ontology.
- *ie/kie* – Core Kazakh metaphysical concepts denoting the inner spiritual axis (*ie*) and its sacred manifestation (*kie*).
- *ayan* – A mode of spiritual cognition based on inner clarity and contemplative awareness.

Автор туралы мәлімет:

Қожағұлов Тоққожа Мұкажанұлы — педагогика ғылымдарының кандидаты, Көркемсурет кафедрасының профессоры, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР Көркем академиясының толық корреспондент мүшесі, ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім саласының құрметті қызметкері, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

Сведения об авторе:

Кожагулов Токкожа Мукажанович — кандидат педагогических наук, профессор кафедры изобразительного искусства, Академик Академии педагогических наук РК, член Союза художников РК, лауреат Государственной премии «Дарын», полный член-корреспондент Художественной академии РК, почётный работник образования и науки РК, Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан)

Information about the author:

Tokkozha Mukhazhanuly Kozhagulov — Candidate of Pedagogical Sciences (PhD equivalent), Professor at the Department of Fine Arts, Academician of the Academy of Pedagogical Sciences of the RK, a Member of the Union of Artists of the RK, a laureate of the State Prize Daryn, a Full Corresponding Member of the National Academy of Arts of the RK, and an Honorary Worker of Education of the Ministry of Education and Science of the RK, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan).

ORCID ID: 0009-0001-37124459
E-mail: tokkozahagul@mail.ru

Еспенова Айгерім Тұрсынқызы — «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы, аға оқытушы, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

Еспенова Айгерим Тұрсыновна — заведующая кафедрой «Истории и теории изобразительного искусства», доктор PhD, старший преподаватель, член Союза художников РК, Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова (Алматы, Казахстан)

Yespenova Aigerim Tursynovna — head of the Department of History and Theory of Fine Arts, PhD, Senior Lecturer, member of the Union of Artists of the Republic of Kazakhstan, Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0003-1152-0434
E-mail: aespénova@mail.ru